



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ

Елші, ҚР ЕО Өкілдігінің Басшысы Аурелия Бушездің "Мұнай және газ – КИОГЕ 2013" 21-Қазақстандық халықаралық конференцияда сөйлеген сөзі

2 қазан 2013 ж., Алматы

*Құрметті Министр,
Жоғары Мәртебелілер,
Құрметті қонақтар,*

"КИОГЕ 2013" конференциясының ашылуында сөз сөйлеу мен үшін үлкен қуаныш. Биыл біз Қазақстан мен Еуропа Одағы арасында дипломатиялық қатынастар орнағанының 20 жылдығын атап өтеміз.

Біз Қазақстанмен тығыз байланысты өте жоғары бағалаймыз, ЕО үшін ол әсіресе энергетика саласында өте маңызды стратегиялық әріптес болуда. Бұны осы жылы маусым айында Астанаға сапары барасында Президент Баррозу атап өтті.

Қазір біз ЕО мен Қазақстан арасындағы кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы жаңа келісімнің мәтінімен жұмыс істейміз, ол біздің ынтымақтастығымызды, соның ішінде энергетикалық секторда кеңейту үшін одан ары мүмкіндіктер ашуға тиіс.

Ханымдар мен мырзалар,

Бүгін менде бірнеше маңызды хабарландыру бар.

Бәрінен бұрын ЕО өзінің жиырма сегіз мүше-мемлекеттері арқылы Қазақстандағы ең ірі инвестор болып табылады. ЕО мүше-мемлекеттерінің үлесіне Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемінің жартысынан көбі келеді, және ЕО инвесторлары Қазақстанды инвестициялар үшін аса тартымды жер ретінде қарайды деп айтсам қате болмас.

Сондай-ақ ЕО Қазақстанның ең ірі сауда әріптесі болып табылады, оның үлесіне сыртқы сауданың жалпы көлемінің шамамен 40% келеді. Өткен жылы біздің екіжақты сауда көлемі 31 миллиард евро құрады, оның төрттен үші Еуропа Одағына қазақстандық экспорт болды. Сондықтан біздің сауда теңгеріміміз Қазақстанның пайдасына қарай бұрылады.

ЕО-ға қазақстандық экспорттың үлкен бөлігін мұнай мен мұнай өнімдері құрайды және ЕО-ға мұнай импортының жалпы көлемінің 5% астамын қамтамасыз етеді.

ЕО компаниялары қазақстандық әріптестермен бірге Қашағанды қоса, қазақстандық қорларды игерумен жұмыс істеуде. Осының нәтижесінде сарпатамалық білім мен дағдылардың өзара тиімді трансферті үнемі жүруде. Сондай-ақ бұл Қазақстанға бірқатар негізгі технологиялық инновациялар әкелді.

Біз бұл әріптестікті жалғастырғымыз келеді. Біз Қазақстан мен ЕО-да ірі инвестициялық жобалар бойынша тығыз ынтымақтастықты қолдауға және дамытуға ортақ қызығушылық бар деп есептейміз.

Сондықтан біз лайықты инвестициялық климатты, сондай-ақ энергетикалық секторға ұзақ мерзімді инвестициялар үшін тұрақты және болжамды жүйені қамтамасыз етуге өзара мүдделіміз. Біз осы тұрғыда Қазақстанмен қалыптасқан сапалы диалог үшін дән ризамыз және Қазақстанда экономикалық және инвестициялық климаттың одан әрі жақсаруына ынтымақтастықты жалғастырамыз.

Екіншіден, біз экспорттық маршруттарды диверсификациялауды жылжыту – барлығымыздың энергетикалық қауіпсіздігіміз мүддесінде деп ойлаймыз. Баламалы экспорттық маршруттар Қазақстанның нарықтық мүмкіндіктерін кеңейтеді және халықаралық масштабта бәсекеге қабілетті бағалағарға жету қабілеттеріңізді арттырады.

Осыдан Каспий өңірінен мұнайды шығару маңыздылығы, әсіресе Қазақстанның теңіз кен орындарынан мұнай экспорты көлемінің күтілетін өсімін ескере отырып, шығады. Біз Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы Транскаспий мұнай дәлізінің кеңеюін асыға күтеміз.

Соңғы жылдары ЕО газ жеткізудің Оңтүстік маршрутына едәуір назар аударды. Бар күшімізді Оңтүстік газ дәлізін іске асыруға салғанымызды Сіздер білесіздер. Осы тұрғыда 2013 жылы екі маңызды оқиға болды: Трансадриатикалық құбыр салу, ол 2013 жылы 28 маусымда қабылданды және қыркүйекте "Шах-Дениз II" консорциумы қол қойған екі ұзақ мерзімді сату-сатып алу шарттары.

Біз Оңтүстік дәліз 2018 жылға қарай аяқталатынына және ең әрі дегенде 2019 жылдың басында Каспий теңізінің бірінші газы Еуропаға жеткізілетініне сенімдіміз. Бұл – барлық мүдделі елдердің айтарлықтай жетістігі, ол Еуропаға газ жеткізуді диверсификациялауға маңызды үлес қосады.

Біз Оңтүстік газ дәлізін одан әрі кеңейтуді жалғастырамыз, және бұл тұрғыдан Транскаспий газ құбыры (ТКГ) құрылысы жөнінде Әзербайжанмен және Түркіменстанмен келіссөздерімізді белсенді жалғастырамыз.

Және соңғы, Қазақстанның мұнайдан және минералдық қорлардан өсіп келе жатқан байлығы, қазіргі ұрпақтың ғана емес, болашақ ұрпақтың алдында үлкен міндеттемелер әкеледі. Қазақстан бұл бағытта мағызды қадамдар қабылдады. Оның бірі - Президент Назарбаевтың Жасыл экономика стратегиясы.

Сонымен қатар, Қазақстан минералдық шикізатты шығарудан түсетін табысты елдің экономикалық дамуына пайдалануды қамтамасыз ету үшін Қазып шығаратын салаларда ашықтық бастамасына (ҚШСАБ) қосылуды шешті. Осы екі бастама да өте мақтарлық және еліктеу үшін мысал болып табылады.

Сондай-ақ ЕО Қазақстанның, халықаралық Энергетикалық Хартия Шарттарына қосылу жағдайында сияқты, халықаралық жұмысқа белсенді қатысуын қолдайды. Бұл ағымдағы экономикалық тұрғыдан аса маңызды, себебі энерготасығыштарға тұрақты бағалар әлемдік экономикалық өсуді қайта іске қосуы мүмкін. Сондықтан ғаламдық энергетиканы басқаруда Қазақстанның үлесі өте жоғары бағаланады.

Ханымдар мен мырзалар, мен ЕО мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты, қол жеткізген прогресті және болашақ мүмкіндіктерді сипаттадым.

Саланың және біздің қазақстандық әріптестеріміздің қолдауымен алға сенімді жылжиық.

Мен Сіздерге конференцияның табысты өтуін тілеймін.